

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 шілде N 1153. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1786 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарауындағы су шаруашылығы ұйымдарының, аумақтық органдары мен объектілерінің тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 23 шілдедегі  
N 1153 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің Су ресурстары жөніндегі  
комитеті туралы ережені бекіту  
туралы (Суресурскомы)  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын басқару мен бақылау жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет құрамына өзендер, көлдер, батпақтар, мұздықтар, Каспий және Арал теңіздерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі сулары, су қоймалары, жер бетіндегі басқа да су тоғандары мен су көздері, арналы жинағыштар мен каналдар кіретін республиканың біртұтас су қорын басқаруды жүзеге асырады, суды ластанудан, бітеліп қалу мен сарқылудан қорғауды ұйымдастырады, сондай-ақ министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың су шаруашылығы қызметін жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып үйлестіреді.

3. Комитет дербес заңды ұйым болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Комитет аппаратын ұстауға кететін шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен жүргізіледі.

Тұтынушыларға су жеткізумен байланысты емес мемлекетаралық, облысаралық және ауданаралық мақсаттағы су шаруашылығы объектілерін ұстау мен пайдалану, қорғау, іске қосу, жолға қою, реттеу, су басу мен қалқыма мұздарға қарсы жұмыстарды жүргізу, мемлекеттік суару, коллекторлық-дренажды және құрғату жүйелерін тазалау жөніндегі мемлекеттік шараларды, сондай-ақ облыстық және бассейндік деңгейдегі суды пайдалану мен қорғауды басқару мен бақылауға байланысты шығыстарды республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырады.

4. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

## II. Міндеттері мен функциялары

### 5. Комитеттің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының аумағында су ресурстарын пайдалану мен

қорғауды реттеуді жүзеге асыру;

экологиялық талаптарды ескере отырып, халықтың және экономика салаларының суға деген қажеттілігін, оның кешенді пайдаланылуын, су қорының сақталуы мен суды ластанудан, бітеліп қалудан және сарқылудан қорғауды, өзендер, көлдер мен су қоймаларының жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың су шаруашылығы қызметін жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен өзара іс-қимылда үйлестіру;

шекаралық су бассейндері мен мемлекетаралық су өткізу жүйелерінің су ресурстарын бірлесіп пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша іргелес мемлекеттермен ынтымақтастық жасау;

су шаруашылығын аудандастыру принциптеріне және халықтың, экономика салалары мен табиғи кешендердің суға деген қажеттілігіне сәйкес аумақтар мен өзендер бассейндерінде шаққандағы су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың негізгі бағыттарын әзірлеу;

суды пайдалану мен қорғауды реттеу, жерді мелиорациялау саласында ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру;

су ресурстарын пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру;

су ресурстарының қалыптасуына және оларды бөлуге ықпал ететін су шаруашылығы объектілері мен кешенді мақсаттағы су құбырларын, сондай-ақ су көздерінде орналасқан гидротехникалық құрылғыларды пайдалану болып т а б ы л а д ы .

6. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

су шаруашылығы және жерді мелиорациялау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар дайындауды және халықты және экономика салаларын сумен қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген нысаналы кешенді бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады;

су жинау мен су тұтыну шегін анықтауды қоса алғанда, өзен бассейндері мен республика аумағының су шаруашылығы учаскелерінде су ресурстарын аймақаралық және облысаралық бөлу мен қайта бөлуді, су ресурстарын реттеуді және бөлуді жүзеге асырады;

табиғат қорғау органдарымен келісе отырып, жерүсті су көздерінен арнайы су пайдалануға рұқсаттар береді және жерасты су көздерінен арнайы су пайдалануға рұқсат беруді келіседі;

кәсіпорындар мен объектілерді салу, қайта жаңғырту, кәсіпорындарды, ғимараттарды орналастыру жобаларына келісу кезінде су пайдаланудың барлық түрлеріне техникалық шарттарды беруді ұйымдастырады;

су тұтынуға норма белгілеуге арналған ережелерді әзірлейді және бекітеді;

су қорын ұтымды пайдалануға мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

су тұтынудың техникалық шарттардың, белгіленген лимиттерінің сақталуына , жерүсті су объектілеріне сарқынды су төгуге, жерүсті суларының сапасына жедел бақылауды ұйымдастырады, сондай-ақ объектілер бойынша жерүсті суларының арнайы су пайдалануға бұрын берілген рұқсаттарды, олардың қолданылу мерзіміне қарамастан, қайта қарайды;

салааралық және кешенді мақсаттағы су шаруашылығы объектілерінің жұмыс тәртібін диспетчерлік және жедел реттеуді жүзеге асырады;

су қоймаларын, кешенді мақсаттағы арналы су құбырларын, мемлекетаралық, салааралық және облысаралық, ауданаралық және шаруашылықаралық мақсаттағы каналдарды, су бөгендерін, гидротораптарды, арна реттеу, жаға бекіту құрылғыларын, қорғау дамбалары мен тікелей су көздерінде орналасқан басқа да объектілерді пайдалануды жүзеге асырады;

су шаруашылығы объектілері мен құрылғыларын, мелиорация жүйелерін пайдаланудың техникалық деңгейін көтеру жөнінде жұмыс жүргізеді;

су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемасын әзірлеуге, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуге, салааралық, облысаралық, аймақаралық және шаруашылықаралық мақсаттағы су шаруашылығы объектілерін салуға, мелиорациялау шараларын жүзеге асыруға, қала және қала үлгісіндегі елді мекендердің аумақтарынан тысқары жерлерде, көлдерде, су қорғау аймақтарында жағалауды бекіту және басқа жұмыстарды, су қоймаларын жайластыруды орындауға тапсырысшы функциясын атқарады;

су объектілері мен су шаруашылығы жүйелерінде ведомстволық гидрометриялық жүйелерді және гидротехникалық құрылғыларды метрологиялық қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады;

жер қойнауын қорғау және гидрометеорология органдарымен бірлесіп, суды мемлекеттік есепке алуды және мемлекеттік су кадастрын, мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

суды пайдаланудың жиынтық жоспарларын дайындауды, сондай-ақ өзен бассейндері, экономикалық және өндіріс аудандары мен облыстары үшін қысқа мерзімді және перспективалық су шаруашылығы балансын жасауды қамтамасыз етеді;

ұйымдардың, су ресурстарын ұтымды пайдалану және су көздерінің ластануына, бітелуіне және сарқылуына жол бермеуге қатысты су шаруашылығы және су қорғау қызметін үйлестіреді;

су қорғау шараларының орындалуын және су пайдалануды алғашқы есепке алу талаптарының сақталуына басшылық пен бақылау жасайды;

заңдарда белгіленген тәртіппен мүдделі ұйымдармен бірлесіп шекаралық суларды бірлесіп пайдалану мен қорғау бойынша келіссөздер жүргізуге және екіжақты және көпжақты шарттар жасауға қатысады;

су қоймаларының, өзендердің, көлдердің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жай-күйін сақтау және жақсарту шараларын жүзеге асырады;

су объектілеріндегі табиғи апаттар мен авариялық жағдайлардың салдарын болдырмау және жою шараларын әзірлеуді ұйымдастырады;

мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың ұсыныстарын ескере отырып, кешенді мақсаттағы су қоймаларын пайдалану ережелерін бекітеді;

кешенді, салааралық және шаруашылықаралық мақсаттағы жаңадан салынған және қайта жаңғыртылған су шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдауды жүзеге асырады;

объектілерді (іске қосу кешендерін) пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссиялардың жұмыстарына қатысады;

жер бетіндегі су объектілерін жеке пайдалануға беру туралы қорытындылар береді және жеке пайдалануға берілген су объектілеріндегі суды қайталама пайдалану шарттарын, су объектілерін пайдалануға беру туралы заңды және жеке тұлғалардың ұсыныстарын келіседі;

су ресурстарының жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы объектілерінің жобаларын және (олардың мақсатына, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан) құрылыс салу, арна түбін тереңдету және өзге де жұмыстар жүргізу тәртібіне сараптама жүргізеді және оларды келіседі;

су қоймаларын, көлдер мен өзендерді, суармалы жерлерді, сондай-ақ салааралық және шаруашылықаралық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін сақтау мен олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі жобалық құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастырады;

су пайдаланудың барлық түрлеріне, су беру жөніндегі қызмет көрсетулерге тарифтерді, оларды қолдану шарттарын Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп әзірлейді және оларды мүдделі министрліктерімен, ведомстволармен және өзге де ұйымдармен келіседі;

су заңдарын, су шаруашылығы және жерді мелиорациялау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

су ресурстарын басқару және мелиорациялау, суларды және суармалы жерлерді ұтымды пайдалану және қорғау мәселелері жөнінде өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады және оған қатысады;

су ресурстарының жай-күйі және пайдаланылуы туралы жыл сайынғы ғылыми-техникалық ақпаратты басып шығарады;

су үнемдеу технологияларын игеру, ауыз су дайындау, су көздерін қорғау жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

## 7. Комитеттің мыналарға :

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға, Комитет жүйесіне кіретін барлық ұйымдарға нұсқамалар беруге, ал суларды кешенді пайдалану мен қорғауды реттеу мәселелері бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқамалар беруге және олардың орындалуын тексеруге ;

заңдарда белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде министрлік басшылығына ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;

саланы және оның жекелеген бағыттарын дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін қажет болған жағдайда шарттық негізде ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарды қатыстыра отырып, тиісті мамандарды, сондай-ақ тиісті сараптау жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

су ресурстарын ұтымды пайдалануға, су көздерінің сақталуы мен жай-күйінің жақсаруына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға және жергілікті атқарушы органдардың қарауына жер бетіндегі су объектілерін пайдалану құқығын тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге

Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының су ресурстарын бөлу мен пайдалануды реттейтін нормативтік және құқықтық құжаттарының күшін уақытша тоқтату немесе жою жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізуге;

табиғат қорғау, жер қойнауын, жерді қорғау органдарынан су объектілерінің жай-күйі, су ресурстарын пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен ақпарат алуға және оларға осындай ақпарат беруге құқығы бар.

## IV. Қызметін ұйымдастыру

8. Комитетті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет Төрағасының орынбасары болады, оны Комитет Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Комитет Төрағасы қызметі бойынша сонымен бір уақытта Республикалық су шаруашылығы кеңесінің (Ирригация және дренаж жөніндегі ұлттық комитеттің) төрағасы және Мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының



Су ресурстары жөніндегі Ақмола облыстық комитеті, Ақмола қаласы  
Су ресурстары жөніндегі Ақтөбе облыстық комитеті, Ақтөбе қаласы  
Су ресурстары жөніндегі Алматы облыстық комитеті, Алматы қаласы  
Су ресурстары жөніндегі Атырау облыстық комитеті, Атырау қаласы  
Су ресурстары жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық комитеті,  
Өскемен қаласы

Су ресурстары жөніндегі Жамбыл облыстық комитеті, Тараз қаласы  
Су ресурстары жөніндегі Батыс Қазақстан облыстық комитеті, Орал  
қаласы

Су ресурстары жөніндегі Қарағанды облыстық комитеті, Қарағанды  
қаласы

Су ресурстары жөніндегі Қызылорда облыстық комитеті, Қызылорда  
қаласы

Су ресурстары жөніндегі Қостанай облыстық комитеті, Қостанай  
қаласы

Су ресурстары жөніндегі Маңғыстау облыстық комитеті, Ақтау  
қаласы

Су ресурстары жөніндегі Павлодар облыстық комитеті, Павлодар  
қаласы

Су ресурстары жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті,  
Петропавл қаласы

Су ресурстары жөніндегі Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті,  
Шымкент қаласы

Арал Сырдария бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қызылорда  
қаласы

Балқаш-Алакөл бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Алматы қаласы  
Ертіс бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Семей қаласы  
Есіл бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Ақмола қаласы  
Нұра-Сарысу бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қарағанды қаласы  
Тобыл-Торғай бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Қостанай  
қаласы

Орал-Каспий бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Атырау қаласы  
Шу-талас бассейндік су шаруашылығы бірлестігі, Тараз қаласы  
"Союзцелинвод" тресі, Петропавл қаласы (шаруашылық жүргізу  
құқығында)

Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорын, Қарағанды  
қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Шардара ГЭС-і, су қоймасымен, Оңтүстік Қазақстан облысының



Шардара қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

"Қызылордасельхозводопровод" тресі, Қызылорда қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Тасөткел су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма, Жамбыл облысы Шу ауданының, Тасөткел селосы

"Суавтоматика" ғылыми-өндірістік орталығы, Шымкент қаласы  
Д. Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналын және Бартоғай су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма, Алматы қаласы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Салынып жатқан кәсіпорындардың "Арал" біріктірілген дирекциясы, Қызылорда қаласы

"Қазсуресустары" ғылыми-техникалық ақпарат орталығы, Алматы қаласы

Әкімшілік үйі, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 118-үй.